



## 103-ҒАСЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Үш аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Заманаға серт. (1) Негізінен адам баласы зиянда. (2) Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты үгіттесіп, сабырды үгіттескендер; олар зиянға ұшырамайды. (3)

## 104-ҒҮМӘЗӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Тоғыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Бүкіл қорлаушы, өсекшіге нендей өкініш! (1) Сондай мал жиып, оны санағандарға. (2) Негізінен малы, өзін мәңгі жасатады деп ойлайды. (3) Олай емес, әлбетте ол "Хұтамаға" тасталады. (4) "Хұтаманың не екенін қайдан білесің? (5) Ол, Алланың жағылған оты, (6) Сондай жүректерді шалатын. (7) Расында олар, ол отқа қамалады, (8) Ұзын діңгектерге байланады. (9)

## 105-ФІЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят.

(Бұл сүредегі фiл уақиғасы: Йемен бастығы Әшiр ұлы Абраһа Кағбаның зияратшыларын солай тарту үшiн; Санға қаласында "Құллайыс" атында салтанатты бiр шiркеу жасап, алпыс мың қол, он үш фiлмен Кағбаны бұзуға Меккеге келгенде, құдыретше топ-топ құс келiп, тiпыл қылады. Б.Ж.М.К.Р.Х.Т.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.) Раббыңның фiл иелерiне не iстегенiн көрмедiң бе? (1) Олардың айлакерлiктерiн босқа жiбермедi ме? (2) Оларға топ-топ құс жiбердi. (3) Құстар, оларға балшықтан жасалған тастар атып; (4) Сонда оларды желiнген топан тәрiздi қылды. (5)